



2025 жылдың 01 наурызға


Қазақстан Республикасының
банк секторындағы Жұмыс
істемейтін несиелер жағдайына шолу.



ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. САТУ.

2025 жылдың 1 наурызға елдің 21 екінші деңгейлі банктерінің несие портфель көлемі **35 953,7 млрд теңгені** (жиынтық активтердің 59%) құрады. Оның ішінде жұмыс істемейтін несие (NPL) көлемі **1 177,1 млрд теңге**, немесе жалпы несие портфельінің **3,3%** құрады (2025 жылдың 1 ақпанға – 35 569,9 млрд теңге немесе 59%).

ҚР банк секторының жұмыс істемейтін несие деңгейінің динамикасы




Қарыз алушылар санаты бойынша жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **Жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерді қоспағанда** – 858 млрд теңге немесе 73% (01.02.2025 ж. – 828,3 млрд теңге) келеді.


Қаржылық емес заңды тұлғаларға – 318,7 млрд теңге немесе 27% (01.02.2025 ж. – 314 млрд теңге).

Жұмыс істемейтін несиелердің ең аз көлемі **қаржылық заңды тұлғаларға**, банкаралық қарыздар және «Кері РЕПО» операцияларын қоспағанда – 0,3 млрд теңге (01.02.2025 ж. – 0,3 млрд теңге) келеді.

01.02.2025 ж.
NPL құрылымы



01.03.2025 ж.
NPL құрылымы




■ Қаржылық емес заңды тұлғаларға несиелер ■ Жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерді қоспағанда несиелер

Екінші деңгейлі банктер бөлінісінде жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **«KASPI BANK» АҚ** келеді – 305 млрд теңге немесе несие портфелінің 4,9%.

Әрі қарай неғұрлым ірі NPL көлемі келесі банктерге келеді:

- **«Қазақстан Халық Банкі» АҚ** – 300 млрд теңге (несие портфелінің 2,6%);
- **«Еуразиялық банк» АҚ** – 120 млрд теңге (несие портфелінің 7,5%);
- **«First Heartland Jusan Bank» АҚ** – 91 млрд теңге (несие портфелінің 6,8%);
- **«Bereke Bank» АҚ** – 88 млрд теңге (несие портфелінің 6,6%).


Жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі бойынша 5 банк



Сонымен бірге несие портфеліндегі жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келеді **«Банк ВТБ» ЕБ АҚ – 12,4%.**

Әрі қарай несие портфелінде жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келесі банктерге келеді: **«Нұрбанк» АҚ (7,6%); «Еуразиялық банк» АҚ (7,5%); «First Heartland Jusan Bank» АҚ (6,8%) және Bereke Bank (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) АҚ (6,6%).**

Жұмыс істемейтін несиелердің ең жоғары үлесі бойынша 5 банк



Деректер көзі: nationalbank.kz
 материалды «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ
 Корпоративтік даму департаменті дайындады